

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Биология
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Алғашқы сүтқоректілердің тікелей арғы тегі деп есептеледі
А) құстар
В) маймылдар
С) аңтісті жорғалаушылар
D) листозаврлар
E) гаттериялар

2. Девон кезеңінің соңында теңіздерде пайда болған жануарлар
А) иностранцевия
В) медуза
С) стегоцефал
D) трилобит
E) динозавр

3. Біртұтас Пангея құрлығының жеке бөліктерге бөліне бастауы
А) юра кезеңінде
В) триас кезеңінде
С) бор кезеңінде
D) пермь кезеңінде
E) таскөмір кезеңінде

4. Ашықтұқымды өсімдіктердің кең таралған заманы
А) кайнозой
В) мезозой
С) архей
D) палеозой
E) протерозой

5. Динозаврлар ғасыры аталған кезең
А) бор
В) кембрий
С) ордовик
D) силур
E) юра

6. Мұхиттарда су түбінде бір затқа бекініп немесе жорғалап жүріп тіршілік ететін организмдер

- A) геобилер
- B) гидробионттар
- C) планктондар
- D) бентостар
- E) фототрофтар

7. Судың беткі қабатында су ағысымен қалқып жүріп тіршілік ететін организмдер

- A) геобилер
- B) гидробионттар
- C) планктондар
- D) бентостар
- E) фототрофтар

8. Суда тіршілік ететін организмдер

- A) геобилер
- B) микрофауна
- C) гидробионттар
- D) мезофауна
- E) нанофауна

9. Атмосфера, литосфера және биосфераның тығыз байланысы арқылы пайда болған әрі тарихи, әрі табиғи биогеоценоз

- A) өсімдік
- B) жануар
- C) мұхит
- D) ағаш
- E) топырақ

10. Өсімдіктер мен жануарлар бірлестігінің тарихи қалыптасуына әсер еткен үшінші жағдай

- A) вулкандар атқылауы
- B) жер сілкінулері
- C) мұхиттар массасы
- D) табиғи бірлестіктер
- E) климаттық факторлар

11. Ең алғашқы геологиялық замандарда Жер шарын құраған тұтас бір ғана құрлық

- A) лавразия
- B) пангея
- C) гондвана
- D) евразия
- E) неоарктика

12. Құрлықтағы организмдер биомассасының 90%-ға жуығын құрайды

- A) дала өсімдіктері
- B) шөл өсімдіктері
- C) бөлме өсімдіктері
- D) орман өсімдіктері
- E) ұсақ өсімдіктер

13. Организмді құрайтын тірі протоплазмаға өте қажет зат

- A) оттегі
- B) азот
- C) күкірт
- D) аммиак
- E) фосфор

14. Өсімдіктердің фотосинтез процесі кезінде көмірқышқыл газын сіңіре отырып,оттекті бөлінуінен басталатын процесс

- A) оттегі айналымы
- B) азот айналымы
- C) биомасса айналымы
- D) күкірт айналымы
- E) фосфор айналымы

15. Темір, молибден, бор, кобальт өсімдіктерге қажет

- A) фотосинтез үшін
- B) азот айналымы үшін
- C) биомасса үшін
- D) бейімделу үшін
- E) қорға жинау үшін

16. Организмдердің өзінің тіршілік ортасының ерекшелігіне қарай морфологиялық жағынан бейімделуі

- A) бәсекелестік жағдайы
- B) паразитизм
- C) тіршілік формасы
- D) нейтрализм көрінісі
- E) комменсализм

17. Организмдердің жемтіктерін бірлесіп аулау кеінде бірігуімен байқалады

- A) бәсекелестік
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) трофикалық кооперация

18. Бір түрдің зиянын тигізбей екінші түрдің қорек қалдықтарымен қоректенуі

- A) бәсекелестік
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) комменсализм

19. Организмдер бейімделу немесе бейімделу реакциялары арқылы әсер көрсететін ортаның кез келген элементінің жағдайы

- A) географиялық факторлар
- B) абиотикалық факторлар
- C) биоценоз факторлары
- D) экологиялық факторлар
- E) антропогенездік фактор

20. Нақты бір биоценоз негізін құрайтын, белгілі бір аумақта өсетін өсімдіктер жиынтығы

- A) биогеоценоз
- B) өсімдіктер бірлестігі
- C) биом
- D) биоценоз
- E) экожүйе

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Табиғатты қолданудың экологиялық негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Биосфера ілімінің негізін қалаған ғалым

- A) Ю.Либих
- B) К.Мебиус
- C) В.Шелфорд
- D) В.И.Вернадский
- E) В.Н.Сукачев

2. Қоршаған ортадағы тұтынушы ағзалар

- A) консументтер
- B) редуценттер
- C) фитоценоз
- D) экожүйе
- E) продуценттер

3. Әлеуметтік экология келесі әдістемелік ережеге негізделген

- A) әлеуметтік және табиғи ортаның қарама-қайшылығына
- B) адамның әлеуметтік табиғатына
- C) материалдық игіліктердің табиғи пайда болуына
- D) адамның биологиялық табиғатына
- E) адамның табиғатпен бірлігіне

4. Пайдалы қазбалардың қазіргі технологиялық мүмкіндіктерге байланысты тиімді пайдалануға болатын бөлігі

- A) табиғи қоры
- B) экономикалық қоры
- C) экологиялық қоры
- D) баланстан тыс қоры
- E) баланстық қоры

5. Тірі және өлі табиғат элементтері арасындағы өзара тұрақты қарым-қатынас негізінде бірыңғай тұтастық құрайтын тірі ағзалар мен олардың мекендеу ортасының қауымдастығы

- A) экожүйе
- B) агроценоз
- C) биоценоз
- D) популяция
- E) биосфера

6. Биологиялық жүйелердің өзгерістерге қарсы тұруы және қасиеттердің тұрақтылығын сақтау қабілеті:

- A) аэротенк
- B) адаптация
- C) гомеостаз
- D) сукцессия
- E) адгезия

7. Қазақстанның басты су артериясы

- A) Жайық
- B) Есіл
- C) Еділ
- D) Сырдария
- E) Ертіс

8. Туылу саны өлім-жітім санымен шамамен теңелген популяция

- A) жаңарған
- B) өскен
- C) тұрақты
- D) орын басқан
- E) қысқарған

9. Судың санитарлы-биологиялық көрсеткіштеріне жатады

- A) коли-титр, иіс, түсі, құрамы, рН
- B) түсі, коли-индекс
- C) тұз құрамы, рН
- D) коли-титр, коли-индекс, вирустар, бактериялар
- E) вирустар, бактериялар

10. Қазақстандағы ну ормандар алып жатқан территория көлемі:

- A) 10,8 млн га
- B) 5,12 мың га жуық
- C) 9,67 млн га
- D) 12 млн га жуық
- E) 9,69 мың га

11. Тірі ағзаның сыртқы ортамен биотикалық және абиотикалық қарым-қатынасын Ч.Дарвин ... деп атады.

- A) метаболизм
- B) тіршілік үшін күрес
- C) мутация
- D) аменсализм
- E) мониторинг

12. Тірі ағзалардың температураның кең ауытқуларына төзімділігі

- A) стеногамды
- B) эвритермді
- C) эвригамды
- D) стенотермді
- E) эврифагты

13. Тірі организмдердің бір-бірімен және олардың қоршаған ортамен байланысын зерттейтін ғылым

- A) нооэкология
- B) экология
- C) адам экологиясы
- D) анатомия
- E) биология

14. Қоршаған ортаны қорғаудың объектілері бөлінеді

- A) ұлттық, аймақтық
- B) жергілікті, аймақтық, әлемдік
- C) аймақтық, жергілікті
- D) ұлттық, экологиялық
- E) ұлттық, халықаралық

15. Зат және энергия айналымы жүретін, барлық организмдер бірге қызмет ететін, бір-бірімен және қоршаған ортамен әрекеттесетін орта

- A) ареал
- B) биогеоценоз
- C) экологиялық жүйе
- D) экологиялық қуыс
- E) биоценоз

16. Саналы адам қызметтерінің дамуының басты факторы ретінде анықталатын табиғат пен қоғамның өзара қарым-қатынасының саласы

- A) Экосфера
- B) Урбаносфера
- C) Геосфера
- D) Биогеоценоз
- E) Ноосфера

17. ҚР-ғы қоршаған ортаны ең көп ластайтын өнеркәсіп салаларын атаңыз

- A) Тағам
- B) Қара және түсті металлургия
- C) Химия
- D) Көлік, құрылыс
- E) Құрылыс материалдары

18. ЮНЕСКО-ның «Биосфералық қорық» статусын алған Қазақстандағы алғашқы қорық

- A) Қаратау
- B) Ақсу-Жабағалы
- C) Үстірт
- D) Марқакөл
- E) Наурызым

19. Қалдық суларды физика-химиялық тазарту процестері

- A) сүзу, озондау
- B) тұндыру, сүзу
- C) тұндыру, сорбция
- D) нейтрализация, озондау
- E) флотация, экстракция

20. Популяцияның динамикалық саны келесі факторларға тәуелді

- A) Көбеюі, жынысы, жасы
- B) Туылымы, өлім-жетімі, орын ауыстыруы
- C) Кеңістікте орналасуы
- D) Реттелуі, орын ауыстыруы, өлім-жетім
- E) Жынысы, тығыздығы, жасы

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Машиналар мен жер қазатын техниканың әсерінен топырақтың құнарлы қабатының бұзылуы

- A) Техникалық эрозия
- B) Ирригациялық эрозия
- C) Жел эрозисы
- D) Су эрозиясы
- E) Жел және су эрозиясы

22. Мемлекеттің экологиялық жағдайы ... байланысты

- A) Мемлекеттің қолдауымен
- B) Территорияға жүргізілетін жұмыстармен
- C) Мемлекеттік басқару органдарымен және оң саясатымен
- D) Мемлекеттік емес ұйымдардың басқаруымен
- E) Шетел мемлекеттерінің басқаруымен

23. Адамның тіршілігі үшін пайдаланылатын табиғи заттар

- A) Арнайы әсер
- B) Жанама әсер
- C) Элементарлы қор
- D) Табиғи қор
- E) Комплексті қор

24. Ең төменгі жер бетіне жақын атмосфераның қабаты

- A) Тропосфера
- B) Биосфера
- C) Стратосфера
- D) Гидросфера
- E) Литосфера

25. Табиғатты қорғауды жүзеге асырудың негізгі бағыттары

- A) Экологиялық заңдардың орындалуын үнемі қадағалау
- B) Күн жүйесіндегі бүкіл әлемдік тартылыс заңдылығы
- C) Табиғат байлықтарының қоғамдық пайдалылығын арттыру және ұлғаймалы қалпына келтіру
- D) Өндіріске аз қалдықты немесе қалдықсыз технологияны енгізу
- E) Ішкі немесе физиологиялық ырғақтар тарихи жағдайда қалыптасуы
- F) Көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру
- G) Ірі құрылыстарды, өнеркәсіп кешендерін т.б. объектілерді салуда экологиялық сараптама жасау
- H) Табиғат қорғау мәселелері туралы үнемі үгіт-насихат және ақпарат жүйесін ұйымдастыру

26. Шудың негізгі көздері

- A) Жүк таситын дизель қозғағышты көлік
- B) Адамдар
- C) Жануарлар
- D) Теміржол
- E) Электр қуаты

27. Организмдердің тіршілігіне қажетті, бірақ өте аз мөлшерде жұмсалатын элементтер мен қосындылар

- A) Макроэлементтер және микроэлементтер
- B) Микроэлементтер
- C) Автотрофтар
- D) Макроэлементтер
- E) Гетеротрофтар

28. Күн сәулесін қолданып органикалық заттар өндіретін өсімдіктер

- A) Продуценттер
- B) Консументтер
- C) Редуценттер
- D) Консументтер және продуценттер
- E) Редуценттер және консументтер

29. Өсімдіктердің фотопериодизм құбылысына қарай жіктелуі

- A) Климаттық, антропогендік, зоогендік, микробиогендік
- B) Фитогендік
- C) Ұзақ күнді
- D) Антропогендік
- E) Эдафобты
- F) Қысқа күнді
- G) Жарық мерзіміне тәуелсіз

30. Табиғи ортаның негізгі элементтері

- A) Ауа қысымы
- B) Су ресурстары
- C) Жануарлар мен өсімдіктер жиынтығы
- D) Жыртқыш жануарлар
- E) Өсімдіктер жиынтығы
- F) Топырақ ресурстары
- G) Жарық режимі
- H) Температура, жылу режимі

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қандай мәселе болмасын оны шешетін жолдар болатыны анық. Олай болса, осы бүгінгі аталған экологиялық мәселелерді шешетін ең қажетті, басты мәселенің құралы

Табиғатты ұқсатып мәпелейік
Барды сақтап, мәртебе әперейік
Келер ұрпақ мәз болсын ісімізге
Жалғастырсын күш қосып күшімізге
Табиғатты қорғайық, аянбайық

31. Табиғи ортаны қорғау дегеніміз

- A) Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану
- B) Қалдықсыз, аз қалдықты технологияны меңгеру
- C) Табиғатты сақтауға, байытуға бағытталған заңдылық, шаруашылық ұйымдастырушылық шаралар жүйесі
- D) Жобалар мен жоспарларды жетілдіру
- E) Басқару механизмдерін меңгеру

32. Қажетті құрал

- A) Сауда
- B) Ақша
- C) Құн
- D) Баға
- E) Төлем

33. Экологиялық мәселелерді шешудің негізгі ғылыми бағытары

- A) Экологиялық білім мен тәрбие
- B) Экологиялық маркетинг
- C) Экологиялық сараптама
- D) Экологиялық менеджмент
- E) Экологиялық нарық

34. Сарқылмайтын табиғат байлығына жататын ресурстар

- A) Мұхит суы
- B) Пайдалы қазба
- C) Атмосфералық ауа
- D) Жануарлар дүниесі
- E) Өсімдіктер дүниесі

35. Табиғат байлығын қорғау дегеніміз

- A) Экологиялық заңдылықтарды білу
- B) Табиғи ресурстарды үнемдеу және тиімді пайдалану
- C) Экологиялық кодекстерді меңгеру
- D) Статистикалық талдау
- E) Қоғамдық өндірісті дамыту

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қазіргі адамдардың жер бетінде өмір сүріп келе жатқанына 40 мың жыл болған. Алма өсірумен және егіншілікпен осыдан тек 10 мың жыл шамасында ғана шұғылдана бастаған. Сондықтан 30 мың жыл бойына тағаммен киімнің көзі тек аңшылық болды. 20 жыл ішінде жер бетінде жануарлардың 110 түрі жойылып кетті.

36. Қызыл кітап туралы пікірін білдірген

- A) Зюсс
- B) А. Тенсли
- C) Скотт
- D) Э. Геккель
- E) В. Вернадский

37. Халықаралық табиғат қорғау ұйымы құрылды

- A) 1937 жылы
- B) 1982 жылы
- C) 1946 жылы
- D) 1992 жылы
- E) 1948 жылы

38. Ғалымдар Қызыл Кітапқа енетін түрлердің санаттарын (категориясын) анықтаған

- A) 5 санатын
- B) 6 санатын
- C) 3 санатын
- D) 4 санатын
- E) 2 санатын

39. Халықаралық Қызыл кітаптың алғашқы басылымы жарық көрді

- A) 1966 жылы
- B) 1963 жылы
- C) 1978 жылы
- D) 1981 жылы
- E) 1991 жылы

0001 - нұсқа

40. Мемлекеттік құжат

- A) Жас жаратылыстанушылар
- B) Ақжелкен
- C) Қызыл кітап
- D) Рекорд кітабы
- E) Шежіре

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.